



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

- үйретуші әр уақытта мына жерін былай орында, ал мына қағысты, дыбысты алу жолы осылай деп көрсетулерін, сөйлемді анық ойна, мына тұстан аяқта т.с.с. сияқты деген бұйрық райларды көбейткенше бірден өзін естуге, дыбыс тазалығын, мазмұнды бояуын, қағыстың ерекшеліктерін естуге баулыған дұрыс.

Дәл анық қабылдау, елестетудің санадан тыс, еріксіз жұмысын үдетеді. Сондықтан әрбір музыкамен айналысқан адамға іштей сезіну, есту, құйма-құлақтық керек.

Қорыта айтқанда, болашақта біздің негізгі мақсатымыз, қала мектептерінде осы тәсіл кеңінен таралса, бірде-бір домбыра ойнамайтын қазақ болмас еді. Мұндай игі істі қазақ халқының ұлттық мәдениетін көтерудің бір қыры деп білген жөн. Жұмагелді Нәжімеденов ағамыз бастаған домбыра үйренудің сандық тәсілін дамыту арқылы, қазақ шығармаларының халық арасына кеңінен таралу мүмкіндігі артады. Мектеп бағдарламаларымен қатар, ЖОО студенттерінің домбыра үйірмелерінің бағдарламаларына домбыра үйретудің сандық тәсілі қосылса, жақсы болар еді. Сандық тәсілдің біздің болашақ жастарымыз үшін де пайдасы зор екенін нық сеніммен айта аламын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Нәжімеденов Ж. «Домбыра үйренгің келе ме?» Алматы «Аманат-ТТ» 2005
2. Сахарбаева К. «Домбыра үйрету әдістері» Алматы 2009
3. Нәжімеденов Ж. «Домбыра ойнау оңай ма?» Өнер баспасы Алматы 2013

ӘОЖ 775.65

### **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Аханов Азамат Төкенұлы,**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

#### **Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақала бүгінгі күні өзекті болып отырған, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың өзектілігіне, ағымдағы жағдайға шолу жасауға және Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласын дамыту перспективаларын анықтауға, осы сала үшін білікті, жан-жақты мамандар даярлау мәселелеріне арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қоғам өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі, дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау мәселелері.

**Түйін сөздер:** денсаулық, дене шынықтыру және спорт, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мамандарын даярлау.

#### **Аннотация**

Актуальность и цель. Данная статья посвящена актуальной на сегодняшний день теме развития физической культуры и спорта в Республике Казахстан, обзору текущей ситуации и определению перспектив развития отрасли физической культуры и спорта в Республике Казахстан, вопросам подготовки квалифицированных, всесторонних специалистов для этой сферы. Основная цель статьи – роль физической культуры и спорта в жизни современного общества, проблемы подготовки специалистов по физической культуре и спорту.

**Ключевые слова:** здоровье, физическая культура и спорт, здоровый образ жизни, подготовка специалистов по физической культуре.

#### **Abstract**

Relevance and goal. This article is devoted to the current relevance of the development of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the review of the current situation and the definition of prospects for the development of the branch of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the training of qualified, comprehensive specialists for this field. The main purpose of the article is the role of physical culture and sports in the life of modern society, the problems of training specialists in physical culture and sports.

**Keywords:** health, physical culture and sports, healthy lifestyle, training of specialists in physical culture.

Педагогикалық білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің маңызды проблемаларының бірі – жас мамандарды даярлау сапасына қатысты мәселе.

Осы мақалада дене тәрбиесі мен спорт саласы үшін мамандар даярлау мәселелерін қарастыратын боламыз. Ал дене шынықтыру мен спорт саласында мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. [1, 40-бап, 1-т].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде «Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру сөзсіз басымдық болып табылады. Бұл бүкіл қоғамның дамуындағы маңызды фактор. Мектептерді материалдық жағынан қаншалықты қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын көтеру мүмкін емес» екенін атап өтті.

Оған қоса, соңғы уақытта мектептегі негізгі пәндермен қатар дене шынықтыру пәніне де үлкен міндеттер қойылуда. Қазіргі уақытта денсаулықты нығайтуда, аурулардың алдын алуда, бос уақытты ұйымдастыруда, Қазақстан ғана емес, әлемдік қоғамдастықтың барлық елдері халқының өмірі мен шығармашылық белсенділігін ұзартуда дене шынықтыру мен спорттың рөлі артып келеді, бұл осы саладағы жоғары білікті мамандарды даярлауға қойылатын талаптарды ұсынады.

«Дене шынықтыру және спорт бойынша жаттықтырушылық, жаттықтырушы-оқытушылық қызметке техникалық және кәсіптік дене шынықтыру немесе жоғары дене шынықтыру білімі бар адамдар жіберіледі» [1, 40-бап, 4-т]. Ал осы сұраныстарға жауап беретін, қазіргі қоғамның сұранысына сай келетін мамандарды даярлау үлкен мәселе екені белгілі. Мемлекет тарапынан дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауға айтарлықтай көңіл бөлінуде, еліміз бойынша бірнеше жоғары оқу орындары, оның ішінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінде Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы да осы бағытта жұмыс істеуде.

Әлеуметтік тапсырыс еңбекке жоғары кәсіби көзқараспен және кәсіби қызметте үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту қажеттілігімен заманауи әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуге дайын бәсекеге қабілетті маман даярлауды қамтиды. Жоғары оқу орындарын тәмамдаған түлектер отандық білім беру мен әлемдік тәжірибенің үздік дәстүрлерін жаңарту идеяларын тасымалдаушы болуға тиіс. Қазіргі жағдайда, студенттерге жан-жақты ақпарат ағынына қолжетімділік ұлғайған кезде білім берудің мақсаттарын, міндеттері мен принциптерін анықтауда түбегейлі жаңа тәсілдердің қажеттігі туындайды. Қазіргі білім беру жүйесінің негізінде оқытудың өзін-өзі ұйымдастыру әлеуетін жұмылдыруға бағытталған, жеке тұлғаны барынша дамытуға арналған педагогикалық, технологиялық, басқарушылық инновациялар жатқаны белгілі.

Қазіргі уақытта ақпаратты өз бетінше алу және оны өңдеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңында «мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз ететіні» атап көрсетілген [2, 8-бап, 1-т].

Дене шынықтыру саласындағы кәсіптік білім берудің басты мақсаты дене шынықтыру және спорт жүйесінің барлық буындары үшін олардың қызметтеріне нақты сұраныс негізінде жоғары білікті мамандарды даярлау, олардың әртүрлі білім беру мекемелерінде және дене шынықтыру мен спорттың басқа да ұйымдық құрылымдарында дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламаларының алуан түрлілігін сапалы педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету қабілеті болып табылады. [3, 44б].

Соңғы кезде жоғары кәсіби дене шынықтыру білімі саласында көптеген педагогикалық зерттеулер жүргізілуде, алайда оларды қолдану мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Технологиялар мен инновациялардың барлық түрлерін стихиялық түрде пайдалану нәтижесіз болып табылады. Осыны негізге ала отырып, жоғары кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудың жаңа технологиясын құру қажеттігі туындап отыр.

Білім беру процесінің мазмұны жеке және кәсіби даму стратегиясына сәйкес құрылуы тиіс. Гуманитарлық бейіндегі маманды (дене шынықтыру жөніндегі маман жататын) даярлау міндеттердің үш тобын шешуді көздейді: базалық гуманитарлық даярлық; тұлғаның жобалық қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру; арнайы технологияларды игеру [3, 456б].

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптардың жаңартылған жүйесі маманның гуманистік бағдарын күшейтуді, оның мотивация психологиясы саласындағы білімінің жоғары деңгейін, дене шынықтыру немесе спорт түрін таңдау қажеттіліктері мен еркіндігін қамтуы мүмкін. Болашақ маманнан дене тәрбиесі мен спорттық дайындықтың жоғары технологиялық технологияларын жедел дамыту мүмкіндігі қажет болады. Оған адамның физикалық әлеуетін табиғи және ынталандыра дамыту технологиялары саласындағы терең білім, оның типологиялық және әсіресе қатысушылардың жеке сипаттамаларын орындау және оларға сәйкес келетін физикалық және спорттық жетілдіру бағдарламаларын құру, сондай-ақ оларды толық іске асыруды қамтамасыз ететін инфрақұрылымды ұйымдастыру дағдылары қажет болады [4, 29б].

Зерттеу барысында дене шынықтыру және спорт маманының кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйе деп санайтын жетекші ғалымдардың ұстанымын ұстанамын, оның тиімділігі педагогикалық процестің жалпы заңдылықтары мен оны басқару негізінде көрінетін көптеген факторларға байланысты. Философия, педагогика, акмеология, психология, әлеуметтану сияқты

ертүрлі ғылыми салалардағы жан-жақты зерттеулерсіз, олардың ережелерін бір зерттеуге біріктіру арқылы жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялау мәселесін тиімді шешу мүмкін емес.

Осының негізінде осы қызмет саласындағы мамандарды даярлаудың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, осы салада кадрлар даярлауға жаңа «әлеуметтік тапсырыстарды», дене шынықтыру және спорт саласында жоғары білікті мамандарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқыту жүйесінің барлық негізгі буындарын үйлестіруді қоса алғанда, түлектерге қойылатын талаптарды сәйкестендіру қажеттілігі туындады. Жоғары кәсіби білім алу процесінде студент өз қызметінің нәтижесін алдын-ала болжап, өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделіп, өзін-өзі анықтай алуы үшін дене шынықтыру маманының болашақ қызметіне барынша жақын жағдай жасау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі білім беру процесін оның өзектілігі, яғни ғылым мен өндірістің жаңа жетістіктері мен олардың оқу пәндерінде бейнеленуі арасындағы алшақтықты азайту; интегративтілігі – іргелі, гуманитарлық және қолданбалы ғылымдардан алынған білімнің синтезі; оңтайлылығы – ең аз шығындармен оқу-тәрбие мақсаттарының күшіне қол жеткізу; ғылымилығы – білім беру процесін терең ғылыми негізделген талдауға көшу сипаттайтыны анық. Дене шынықтыру мамандарын даярлау кезінде студенттердің білім мен дағдыларды игеру бойынша іс-әрекеттерін ұйымдастыратын, оған оқу іс-әрекетінің мазмұны туралы ақпарат беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі айқын.

Осы мақсатта оқытушыға студентте қандай білімді және қандай мақсатта қалыптастырғысы келетінін білу маңызды. Іс-әрекеттердің реттілігін, операциялық құрамның құрылымын, орындау, бағалау, бағдарлау, оқу-танымдық іс-әрекетке деген ынтаны арттыру жолдарын табу маңызды рөл атқарады. Егер студент белгілі бір жағдайды шешудің жолын көрмесе, танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін көрмесе, оқытудың дамыту және ынталандыру функциялары төмендейді. Осылайша, зерттелген құбылыстарды жүйелі зерттеуге негізделген ғылымды қажет ететін тәсілдерді қолдану дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа педагогикалық жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыруда резервтер табуға мүмкіндік береді.

Өйткені дене шынықтыру және спорт тек педагогикалық қана емес, сонымен қатар күрделі әлеуметтік құбылыс. Дене тәрбиесінің әлеуметтік функциялары өте алуан түрлі. Олардың ішінде екі негізгі топ ерекшеленеді: жалпы мәдени және спецификалық. Практикалық спорттық педагогикадағы өзекті мәселе дәстүрлі түрде спорттық компонент басым болған дене шынықтырудың әлеуметтік ерекше функцияларының тепе-теңдігі болып табылады.

Бүкіл әлемде спорт кадрларын даярлау проблемаларына баса назар аударылып отырғанын атап өткен жөн. Адам мен қоғам өміріндегі әлеуметтік институт ретінде кәсіптік білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттілігі білім берудің мақсатты функцияларын жүйе және оның жеке байланыстары ретінде қайта қарастыру, білім берудің әлеуметтік, тарихи, мәдени, құндылық мәні туралы дәстүрлі идеяларды, оның қоғамдық практиканың басқа түрлерімен және нысандарымен қарым-қатынасын, білім берудің орны мен рөлін қайта қарау қажеттілігін талап етеді..

Білім беру жүйесінің, оның ішінде дене шынықтыру жүйесінің жұмыс істеуінің жаңа жағдайларын қалыптастыру, бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру білім беру жүйесі мен құрылымын қайта қарау, бүкіл әлемдегі білім беру кеңістігін реформалау үшін алғышарттар жасады.

Бұл мақалада модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде маманның кәсіптік білімге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін жеке ерекшеліктерін, мотивтерін, мүдделерін, құндылық бағдарлары мен талаптарын ескере отырып, жан-жақты үйлесімді даму мәселесі қарастырылып отыр.

Білім беру мекемелерінің негізгі міндеті дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды (жаттықтырушыларды қоса алғанда) даярлау, кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, кәсіптік білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, дене шынықтыру оқу орындары халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен жүйелі айналысу қажеттілігімен таныстыру және дамыту сияқты міндеттерді шешуге қатысады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның қалыптасуында педагогикалық практика үлкен рөл атқарады.

Бакалаврдың және дене шынықтыру және спорт жөніндегі маманның кәсіби даярлығы екі өзара шарттасқан тараптардан құралады, олардың бірі барлық мемлекеттік бағдарламаларға (жеңіл атлетика, ойындар, гимнастика және т.б.) енгізілген дене шынықтырудың негізгі түрлері бойынша теориялық-әдістемелік білімді және қозғалыс дағдыларын меңгерумен байланысты, екіншісі – практикалық жұмыс үшін қажетті педагогикалық біліктер мен дағдыларды игерумен байланысты.

Мұндай дағдыларды тікелей оқытушылық қызмет процесінде ғана қалыптастыруға болады, ол үшін жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары жалпы білім беретін мектепте студенттердің педагогикалық практикадан өтуі арқылы қамтамасыз етілетіні белгілі. Сондықтан болашақ мамандардың тек спортты немесе спорт түрін таңдауы, онымен жоғары деңгейде шұғылдануы ғана емес, сонымен қатар оқушылармен жұмыс істеуге, оларды жан-жақты тәрбиелеуге және дамытуға қатысу талпынысы маңызды.

Жалпы білім беретін мектеп тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар әр түрлі деңгейдегі коучингте, сонымен қатар рекреациялық, оңалту және бұқаралық дене шынықтырудың басқа да

формаларында қажет болатын әр түрлі педагогикалық дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру үшін таптырмас әмбебап алаң болып табылатыны сөзсіз.

Сонымен бірге, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап балабақшалар, мектептер мен колледждердегі дене шынықтыру мұғалімдерінің функционалы кеңейгенін атап өткен де орынды. Мұғалімдер әдетте өткізетін дене шынықтыру сабақтарынан бөлек, қосымша спорттық-сауықтыру сабақтарын, яғни секциялар өткізіп жатқанын да білеміз. «Балаларды спорт секциялары арқылы қосымша сабақтарға тарту – салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алушыларды спортқа баулу және олардың денсаулығын нығайту бойынша берілген Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмаларының шеңберінде әлі де көптеген шаралар қабылданатыны» туралы Білім министрінің facebook-тегі жазбасынан бұл салаға көп көңіл бөлініп жатқанын көруге болады. Сондықтан, мемлекет тарапынан, Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тапқан дене тәрбиесі мен спорт саласына дене шынықтыру мамандарын даярлау мәселесі өзінің өзектілігін жоғалтпайтыны анық.

Себебі, дене шынықтыру және спорт саласы, жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға, патриотизмді жүйелі тәрбиелеуге ықпал ететін перспективалы алаңдардың бірі ретінде қызмет атқарады [5, кіріспе].

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы, 40-бап.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. Ершова, Н.Г. Профессионально-личностное развитие студентов в условиях психолого-педагогического сопровождения в вузе физической культуры / Н.Г.Ершова // Теория и практика физической культуры. – 2005. – №9. – С. 44–47.
4. Запесоцкий, А.С. Образование: философия, культурология, политика/ А.С.Запесоцкий. – М.: Наука, 2002. – 456 с.
5. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлық

ӨОЖ 37.02

### ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР Ә.М.МҰХАМБЕТЖАНОВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ

**Ахмедиева Ақтоты Ғалымжанқызы,**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің  
«Педагогика және психология» мамандығының  
2 курс магистранты

**Базарғалиев Ғабит Бағытжанұлы,**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің  
қауымдастырылған профессоры

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ә.М.Мұхамбетжанованың мұраларына талдау жасалады. Ғалымның ғылыми зерттеу бағыттары білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздері мен орта мектепте білім беру мазмұнын жаңарту, бастауыш білімді интеграциялау мәселелерін және оның ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттарын сипаттайды.

**Кілт сөздер:** жаңартылған білім мазмұны, білім беру интеграциясы, ғылыми-педагогикалық қызмет.

#### Аннотация

Актуальность и цель. В статье анализируется наследие доктора педагогических наук, профессора А.М.Мухамбетжановой. Направления исследований ученого описывают методологические и теоретические основы и о значении обновленного содержания образования, интеграции начального образования и основных направлений его научно-педагогической деятельности.

**Ключевые слова:** обновленное содержание образования, образовательная интеграция, научно-педагогическая деятельность.

#### Abstract

Relevance and goal. The article attempts to analyze the heritage of the Kazakh scientist, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor A.M.Mukhanbetzhanova. The author characterizes the main directions of scientific and pedagogical activity.

**Keywords:** scientific and activity, integration of education, updated educational content.